

Адам жанының арашасы

Аудандық орталық аурухана қызметкерлеріне «Дәрігерлерді ардақтайық» жобасы аясында құрмет көрсетілді

Бүгінде аты шулы індет барша жанды ауыр күйге түсірді.

Елімізде індеттің алдын алу жолында ауқымды шаралар жүргізіліп жатыр. Десе де, індеттің алдын алу және таралуын болдырмау жолында тер төгіп жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбегі басым. Пандемия кезінде Меңдіқара аудандық орталық ауруханасының медицина қызметкерлері де еңбектің алдыңғы қатарынан көрініп, ауыр жүкті арқалаған болатын.

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаған уақытта дәрігердің көмегіне жүгінетініміз ешкімге жасырын емес. Олардың күнделікті атқарар еңбектері толассыз және аса үлкен құрметке лайық. Осы мақсатта «Дәрігерлерді ардақтайық» акциясы бастау алып, республика бойынша ақ халатты абзал жан дәрігерлердің еңбектері еленіп жатыр.

Сәуір айының 23-і күні Меңдіқара аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалында науқас жандарды емдеуге септігін



тигізіп, бастарын қатерге тіккен Меңдіқара орталық ауруханасының қызметкерлері құрметке бөленіп, мейірбан жандарға сый-сияпат көрсетілді. «Жас Отан» жастар қанатының мұрындық болуымен бастау алған акцияға Меңдіқара аудандық мәслихатының

депуттары қолдау білдірді. Бұл күнде індетпен күресу жолында толассыз еңбек атқарып жүрген медицина қызметкерлеріне азық-түлік себеттері табысталды.

Аталмыш шараға аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алла Тишбае-

ва, аудандық мәслихаттың хатшысы Жанат Байбулатова, аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Рудава Жакина және жас депутаттар қатысты. Аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары «Дәрігерлерді ардақтайық» акциясының мақсатына тоқталып, бар-

ша дәрігерлер қауымына өз алғысын білдірді.

- Дүние жүзін жаулаған індет ең алдымен дәрігерлерге үлкен қауіп түсірді. Елімізге төнген қатермен күресуге ізгіліктің жаршысына айналған медицина мамандарының қосқан үлесі мол. Деніміздің

саулығы мен басымыздың амандығы үшін күні-түні аянбай тер төккен барша жандарға шексіз алғыс білдіремін. Дәрігерлер ерқашан құрметке лайық, - деді Алла Өзбекқызы.

Дәрігерлерді құрметке бөлеп, қуаныш сыйлаған іс-шараның қонақтары мен ұйымдастырушылары медицина қызметкерлеріне шексіз ризашылықтарын білдіріп, еңбектеріне табыспен береке тіледі.

Еңбек жолдарында абыройлы еңбек етіп, адам жанының сақшысына айналған ақ халатты абзал жандар да ұйымдастырушылар мен барша белсенді жандарға жылы лебіздерін білдіріп, ақ тілектерін айтып өтті.

Пандемия кезінде талай жанның өміріне араша түсіп, ерлікке пара-пар қызмет атқарып жүрген ақ халаттылардың еңбектері бағаланып, құрметке бөленгендері үшін бізде қуаныштымыз. Адам баласының тәні мен жанының емшісіне айналып, халықтың амандығы үшін қатқалсыз еңбек еткен дәрігерлерге мың алғыс дейміз.

Тұрсынбай МҰХТАРҚЫЗЫ